zangazet@mail.ru
№98 (3826)
26 желтоқсан 2025

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

## АЙМАҚ ТЫНЫСЫ




**Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында брифинг өткізіп, өңірдің 11 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын және алдағы кезеңге арналған стратегиялық жоспарларын жария етті. Басқосу нақты цифрларды көрсетіп, ұзақ мерзімді жоспарды бөлісуімен және журналистердің өткір сұрақтарына ашық жауап беруімен ерекшеленді.**

# МАҢҒАЗ МАҢҒЫСТАУДЫҢ ДАМУ МҮМКІНДІГІ ЗОР

Қилыбай мырзаның айтуынша, биыл Маңғыстауда экономикалық өсімнің негізгі көрсеткіштері оң динамика көрсетіп отыр. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 2,9 трлн теңгеден асса, инвестициялар көлемі 105,4%-ға өсіп, 949,9 млрд теңгеге жетті. Құрылыс, транспорт, сауда, байланыс салалары да тұрақты даму үстінде. Соңғы 3 жылда Маңғыстауға 3 трлн теңгеге жуық инвестиция тартылған. Тек 1 жылдың өзінде өңірге 3 млрд АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік қаржы құйылды. Жалпы, 2026–2032 жылдары құны 10 трлн теңге болатын 55 жоба жүзеге асырылып, 8,8 мың жұмыс орны ашылмақ. Биылдың өзінде 19 жоба іске қосылды.

Маңғыстау туризм саласында да жоғары нәтижеге жетті. Өңір шетелдік туристерді қабылдау бойынша елімізде ТОП-3 құрамға енді. 2025 жылдың 9 айында өңірге 350 мыңнан астам турист келіп, 17,2 млрд теңгенің қызметі көрсетілді. Туризмді дамыту мақсатында Маңғыстау, Шетпе және Бейнеу теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылуда.

*(Жалғасы 3-бетте)*



# ОБЛЫС ЭКОНОМИКАСЫ ТҰРАҚТЫ ӨСУДЕ

**Қостанай облысы соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Өңір басшысы Құмар Ақсақаловтың Орталық коммуникациялар қызметі алаңындағы брифингте жариялаған нақты деректер мен көрсеткіштері облыс экономикасының тұрақты өсім траекториясына шыққанын айқын аңғартады.**

2024 жылдың қорытындысы бойынша облыс экономикасы жоспарланған 6 пайыздың орнына 8,3 пайызға өсіп, өңірдің өндірістік, инвестициялық және әлеуметтік әлеуетін күшейтті. Бұл – тек сандық көрсеткіш емес, қабылданған шешімдердің, жүйелі мемлекеттік саясаттың және жеке сектор белсенділігінің нақты нәтижесі.

2025 жылы Қостанай облысында 24,1 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Бұл – еңбек нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, халықтың табысын арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Өңір экономикасының тірегіне айналған өңдеуші өнеркәсіп бүгінде жалпы өнеркәсіп өндірісінің 70 пайыздан астамын құрайды. Бұл құрылымдық өзгерістер облыстың шикізаттық тәуелділіктен біртіндеп арылып, жоғары қосылған құнды өнім өндіруге бет бұрғанын көрсетеді.

*(Жалғасы 3-бетте)*

## ОҚЫРМАН ХАТЫ

# ТӨРАҒА НЕ ДЕЙДІ, ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

**«Заң газетінің» редакциясына Астана қаласы Ш.Құдайбердіұлы даңғылы 23 үйдегі «Жігер-2» меншік иелері атынан Досжан Әшірбаев хабарласып, «Жігер-2» бірлестігіндегі өзі білетін бірқатар заңсыздықтар туралы айтқан еді. Біз оқырман хатын жариялай отырып, сын садағына ілінген Жігер-2 мүлік иелері бірлестігінің төрағасы Жақсыбай Ғаппасовтың да уәжін тыңдап көрдік. Қос тараптың өз шындығы бар. Таразылайтын – өзіңіз, қадірлі оқырман!**

Бір қараған адамға мына дау-дамай кезінде кеткен есені қайтарып, жеке бастың есебін түгендеу мақсатындағы талас-тартыс сияқты көрінуі мүмкін. Расында да солай ойлауға болар еді, тек айтыс-тартыстың ар жағынан қаржылық былық пен заңға қайшы әрекеттің құлағы қылтиып көрініп қалмаса. Алайда осы мәселені түбіне дейін қопарып, жұрт назарына ұсынып отырған Досжан Әшірбаевтың дәлел-дәйектемелеріне қарасаң, онда жете тексеруді қажет ететін осал тұс аз емес.

Досжан Әшірбаев – қазіргі даудың көзіне айналып отырған Астана қаласындағы Ш.Құдайбердіұлы даңғылы 23 үйдегі пәтерлердің тұрғын үй емес үй-жайлардың «Жігер-2» меншік иелері бірлестігін басқарған адам. Өз орнына сайланған Жақсыбай Ғаппасовқа жауыға қарайтындай жеке өші жоқ. Бар болғаны жаңадан келген басшының қолданыстағы заң талабын белден басып, қаржы қазанына қол салғысы келетін ниетіне ғана наразы.

Сонымен, Досжан Әшірбаевтың бірлестіктің қазіргі төрағасы Жақсыбай Ғаппасовқа тағар кінәсі қандай? Өзіне бұл жұмыстың қыр-сыры бұрыннан жақсы таныс Д.Әшірбаев басшы «анаған көп артықшылық беріп қойды», «өз адамын қызметке алды», «топ құрды» деген тәрізді жалпақ жұртқа бұрыннан жаттанды, құлақсіңісті әңгімелерді жаңғыртып, қоздатпайды, тек жаңа заңсыз әрекетті тізіп көрсетеді. Мәселен, ол Жақсыбай Ғаппасовтың 2023 жылдың шілде айында Ш.Құдайбердіұлы даңғылы 23 үйдің жанындағы жауын суының құбырын тазарту үшін жеке компаниямен мәміле жасасып, 90 000 теңгені «мынау мемлекеттің қаржысы екен-ау» деп ойланбастан, өзгенің қалтасына салып бергеніне қапалы. «Ау, енді үйді топан су басып жатса, төраға қол қусырып қарап отыруы керек пе?» деп төрағаны ақтап алуға да болар еді, алайда, Досжан Әшірбаев дәл осы жерде еліміздің «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 49-бабы 1-бөлігіндегі «Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналыста ревизиялық комиссияны сайлауға құқылы оның құрамы кондоминиум обьектісін басқару және кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметке бақылауды жүзеге асыратын пәтерлердің тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері арасынан кемінде үш адамнан не ревизордан тұрады... Ревизиялық комиссия ревизор кондоминиум обьектісін басқару және кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қаржылық құжаттаманы тексеруді жүзеге асырады» деген талап қажетті жағдайда басшының әрекетіне тұрғындардың бақылау жасайтындығын көрсетсе керек. Сірә да, төрағаның қалтасынан емес, қазынаның қазанынан алынып, өзгеге төленген 90 000 теңгенің қандай негізде өзге шотқа аударылғаны растайтын құжаттың бірлестік мүшелеріне таныстырылмауы арадағы мәміленің тазалығына күмән тудырады Досжан Әшірбаевтың «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 49-бабы 2-бөлігіндегі «Ревизиялық комиссия ревизор кондоминиум обьектісін басқару және кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қаржылық құжаттаманы тексеруді жүзеге асырады» деген талапқа сілтеме жасап отырғаны да содан болса керек.

*(Жалғасы 5-бетте)*

3-бет



**Қолдау көрген баланың қадамы нық**

4-бет




**Заңға бас ию әлсіздіктің емес, әділеттің өлшемі**

8-бет



**Банкирдің өлімі**

МІНБЕР

# ШЕШІМ – СУДЬЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҮПКІ НӘТИЖЕСІ

**Сот шешімі – сот процесінің қорытындысы, судья жұмысының ең түпкі нәтижесі. Тағдыршешті саналатын бұл құжаттың пәрмені өте зор. Мемлекет атынан шығарылған сот актілерін орындау – әрбір азаматтың міндеті болып табылады.**

Сот шешімі, қаулысы, үкімі сот отырысы залдарында жария түрде шығарылады. Әрине, мемлекеттік құпияны қорғау, жеке өмірге қол сұғылмауын қамтамасыз ету немесе жасөспірімдердің құқықтарын қорғау мақсатында сот отырыстарының жабық өтетіні мәлім. Дегенмен, еліміздегі сот процестерінің басым бөлігі ашық алаңда, тіпті тікелей желі арқылы қаралып жатқанынан көпшілік жақсы хабардар. Мұндай талап сот жұмысын ұйымдастыру, өткізу тетіктерін барынша жандандырып қоймай, судьялардың да біліктілігін ұдайы көтеріп отыруына, сонымен бірге көпшілік алдында өзін ұстау дағдысын қалыптастыруға ықпалын тигізіп отыр.

Судьяларға қай кезде де талап жоғары болған. Соның ішінде әрбір судья процесті уақытылы бастап, тәртіпке сай жүргізіп қоймай, екі жаққа теңдей қарап, теңгерімді дұрыс ұстауы керек. Өйткені, судья дауысындағы, бет-әлпетіндегі сәл өзгерістің өзін тараптар теріс қабылдауы мүмкін. Ал бұл өз кезегінде судьяның адалдығына, әділдігіне қатысты күмәнді көбейтіп, сотқа деген сенімді төмендетеді.

Судьяның сөйлеу мәнері, сұрақ қоюы, сот тәртібіне бағынбағандарды дер кезінде тыя білуінің өзі процестің өз деңгейінде, кедергісіз өтуінің кепілі болып табылады. Бұдан бөлек, судья шығарған әрбір сот шешімі білім мен біліктің, ізденіс пен еңбектің нәтижесі екенін ұмытпауымыз керек. Шешім заңды, әділ ғана емес, тараптарға түсінікті болғаны дұрыс. Мәселен, қарапайым азаматтар заң терминдерін түсіне бермейді. Қаптаған құрмалас сөйлемдер де шешімнің түпкі мәнін түсінуге кедергі келтіреді. Соған орай сот актілерін жазудың арнайы ережесі жасалып, судьяларға талап күшейгені белгілі. Бүгінде әрбір судья өз шешімін түсіндіріп қана қоймай, құжаттың қарапайым тілмен жазылуына ерекше мән береді. Ендігі жерде халық арасында сот шешімін дереу орындау мәдениетін қалыптастыра алсақ, құқықтық мемлекетте алға басу болары даусыз.

**Ермек ЕГЕУБЕКОВ,**
**Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы**

БЕЗБЕН

**Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданып, тәжірибеде қолданылып келе жатқанына да төрт жылдан асты. Алғашында әкімшілік әділет институты қоғам күткен межеден табылар ма екен деген күмән, күдік бүгінде толық сейілді. Жаңа институт, жаңа соттардың мақсатына, жұмыс тәртібіне, заңдылығына қатысты тұрақты жүргізілген ақпараттық-насихат шараларының нәтижесінде әкімшілік соттарға жүгінушілер де көп, жария-құқықтық даулар бойынша сауаты жоғары азаматтар қатары да қалың.**

# МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУҒА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАРДЫҢ ТУЫНДАУЫНА СЕБЕП КӨП



Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария құқықтық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау екені белгілі. Бүгінде бұл соттарда қаралатын істердің басым бөлігін жер қатынастарынан туындаған даулар, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы даулар, сот орындаушылардың әрекеттеріне қатысты, салық және кеден істеріне байланысты даулар, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар құрайды. Осы даулардың ішінде мемлекеттік сатып алуға қатысты дауларды тыңғылықты, сауатты, жедел шешудің маңыздылығы зор. Себебі, қазіргі кезде мемлекеттегі барлық қызмет, керек-жарақ осы мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асады. Бұл механизмдегі қателік мемлекеттегі маңызды жұмыстар мен іс-шаралардың уақытылы өтпеуіне, қажетті заттар мен құралдардың дер кезінде жеткізілмеуіне түрткі болады.

Соған орай мемлекеттік сатып алу саласы бойынша елімізде тиісті заң мен маңызды жарлықтар қабылданған. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы, Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» №4 нормативтік қаулысы мемлекеттік сатып алуға қатысты дауларды қарау кезінде басшылыққа алынып, қатысушылар арасындағы келіспеушіліктер осы құжаттарға сүйене отырып реттеледі. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда сатып алу процесіндегі рәсімдерді мейлінше оңтайландыруға, сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сапасын жақсартуға, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуге және бәсекелестікті дамытуға барынша басымдық берілген.

Сот тәжірибесінен байқап отырғанымыздай мемлекеттік сатып алуға байланысты туындайтын даулардың себебі әртүрлі. Мәселен мемлекеттік сатып алудан туындайтын дау, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы тізіміне енгізу туралы бұйрықты даулау, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алуды өткізуден туындайтын даулар, Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесін енгізу туралы бұйрықты даулау жиі кездеседі. Шартты уақытылы орындамау немесе сапасыз тауарды (қызметті) ұсыну да дауды көбейтуде. Соңғы уақытта әлеуметтік мәселелерді қозғайтын, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау саласындағы көрсетілетін қызметтерге байланысты істер көп. Айталық балабақша балаларына берілетін тамақтың сапасы, мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ететіндердің қызметіне көңілі толмайтындар, сондай-ақ қызметті беруде заңсыздыққа жол берілуі де аз кездеспейді.

Сот өз тарапынан мемлекеттік сатып алуға қатысты дауларды әділ, сапалы, заңды қарап қоймай, мемлекеттік құрылымдардан кеткен қателіктерді көрсетіп арнайы ұсыныстар жолдап келеді. Ондағы мақсат – кемшіліктерді бірігіп жою, мемлекеттік сатып алудағы іс-әрекеттерді жүйелеу. Қазіргі кезде сатып алу рәсімдерін толығымен жеңілдету, мерзімдерді барынша қысқарту, нәтижелерге шағымдану жүйесін қайта қарау, жаңа институттарды іске қосудың нәтижесі айтарлықтай жоғары. Заңды жаңғырту, мемлекеттік құрылымдар жауаптылығын көтеру, мамандар біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстар сәйкесінше өз тиімділігін көрсетіп, даулардың азайтады деп сенеміз.

**Серік ДЖУМАБАЕВ,**
**Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы**

КӨЗҚАРАС

# САЛЫҚ ДАУЛАРЫ САПАЛЫ ҚАРАЛУЫ КЕРЕК

**Соңғы жылдары жария-құқықтық даулардың көбейіп, жаңа әкімшілік соттарға жүгінетіндер қатарының артқаны байқалады. Әкімшілік әділет институты жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы теңгерімді сақтап, қарапайым халықтың жария-құқықтық дауларда өз мүддесін жеңіл, тиімді қорғауына, мемлекеттік органдар жұмысын жандандырып, сапасын арттыруға айтарлықтай ықпал еткеніне көпшілік куә болып отыр.**



Әкімшілік соттарда жиі қаралатын даулардың бір парасын салық даулары құрайды. Талапкерлер салық органдарының әкімшілік актілерін, сондай-ақ лауазымды адамдардың өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде жасаған әрекеттері мен әрекетсіздігін көрсетіп, шағымданып жатады. Соның ішінде әкімшілік сотта қаралатын салық органдарының шешімдеріне қарсы шағымдар салықтық тексеруді тағайындау, салықтық тексеру нәтижелеріне қатысты, камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жоюға және салық берешегін өтеуге байланысты туындайтынын байқауға болады. Қолданыстағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сай әкімшілік іс жүргізуде әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін тиімді қорғап, қалпына келтіру, сондай-ақ қоғамдық-құқықтық қатынастарда бұзылған немесе дау тудырған құқықтарды қорғауға бағытталған.

Салық дауларын қараудың мерзімі де айқындалған. Өйткені Салық кодексі салық органдарының әкімшілік актілерінің жекелеген түрлеріне шағымдану үшін арнайы мерзім белгілеген. Айталық салық органының әкімшілік актісіне дау айтқанда азаматтар әкімшілік акт тапсырылған күннен бастап бір ай ішінде сотқа талап-арыз береді. Сондай-ақ камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдану үшін оны алған күннен кейінгі отыз жұмыс күні дәйектелген. Жоғары тұрған салық органына немесе сотқа камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімге шағым беру оны тапсырған (алған) күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

Сот тәжірибесі көрсеткендей салық дауларында көбінесе жеке және заңды тұлғалардың талабы қанағаттандырылып жатады. Мұның бірнеше себебі бар. Айталық, салықтық тексеру жүргізу немесе оны тіркеу туралы нұсқаманың құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарында болмауы мұндай тексерудің және оның нәтижелері туралы актінің жарамсыздығына соқтырады. Сондай-ақ, тексеру нысанасы, оның кезеңі, жіберілген бұзушылықтар, оларды жою жолдары, салық есептілігін ұсыну және салықтар мен бюджетке төлемдер төлеу жолы мен тәртібі туралы шешім алдын ала таныстырылып, түсіндірілгенде салық даулары айтарлықтай азаяр еді. Салық органының әкімшілік рәсімдерге қойылатын талаптарды бұзуы, өтініш берушінің дәлелдерін толық зерттемеуі, тыңдамауы да келіспеушіліктерді көбейтетінін ұмытпауымыз керек.

Ең бастысы, салық органдары әкімшілік соттарда қаралған істерге ұдайы мониторнг жасап, қызметкерлер тарапынан кететін кемшіліктерді дер кезінде түзеп, қателіктердің алдын алуға күш салса, салық дауларының саны да төмендері талассыз.

**Б.БАЙҒОЖАЕВ,**
**Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

ТАЛДАУ

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОТ: ІЗДЕНІСТЕР МЕН ІЗГІ ІСТЕР

**2025 жыл Қазақстандағы сот жүйесін терең жаңғырту кезеңі болды. Бұл реформалар әділ сотқа қолжетімділікті арттыру, сот шешімдерінің сапасын және заңдылығын қамтамасыз ету, сот жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін жоғарылату мақсатында жүзеге асырылды.**

**1. Кассация институтының құрылуы.**

2025 жылдың 1 шілдесінде елімізде үш дербес кассациялық сот өз жұмысын бастады. Бұл реформаның мақсаты – сот актілерінің заңдылығын тәуелсіз түрде қайта тексеру тетігін қалыптастыру. Бұған дейін барлық кассациялық қарау функциясы Жоғарғы Соттың өкілеттілігіне жататын еді, ал енді арнайы құрылған кассациялық соттар бұл жауапкершілікті өз мойнына алды.

Кассациялық соттар сот шешімдеріне тікелей қатысушылардың барлық шағымдарын бірыңғай және ашық негізде қарайды. Істерді алдын ала іріктеу кезеңі жойылды – талаптар тікелей сот отырысында қаралуда. Кассациялық соттардың құрылуы, ең алдымен, азаматтар құқығын қорғауға тікелей әсер етеді. Басты мақсат – әділ сотқа қолжетімділік артады, заңсыз немесе негізсіз сот актілерін қайта қарау мүмкіндігі кеңейеді; сотқа деген сенім күшейеді, себебі шешімдерді тәуелсіз кассациялық инстанция тексереді; адам құқықтарының сақталуына қосымша кепілдік пайда болады; сот қателіктерін түзету тетігі жетілдіріледі. Ұзақ мерзімді перспективада кассациялық соттар Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытып, елдің инвестициялық және құқықтық тартымдылығын арттыруға да ықпал етеді.

Әсіресе күрделі қылмыстық істерде кассациялық сот адамның тағдырына тікелей әсер ететін шешімдердің заңға толық сәйкес болуын қамтамасыз етеді. Қылмыстық істер бойынша кассациялық сот апелляциялық сатының қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін қарайды. Заңнамаға сәйкес, барлық істер кассациялық тәртіпте қарала бермейді. Кассациялық соттарда, әдетте, мынадай санаттағы қылмыстық істер қарауға жатпайды:

- онша ауыр емес қылмыстар бойынша кейбір үкімдер;
- айыппұл немесе өзге де жеңіл жаза тағайындалған істердің жекелеген түрлері;
- апелляциялық тәртіпте толық әрі жан-жақты қаралған, кассациялық шағым беруге негіз жоқ істер;
- заңда тікелей көрсетілген шектеулерге жататын процессуалдық шешімдер.

Бұл өзгеріс сот актілерінің заңдылығын тереңірек тексеруді қамтамасыз етеді және азаматтарға әділ әрі сапалы құқықтық қорғаныс береді.

**2. Әкімшілік істерді қарау тәртібіне енгізілген өзгерістер.**

2025 жылдан бастап әкімшілік істер бойынша апелляция инстанциясының шешімдері дереу күшіне енді. Бұрын бұл шешімдер белгілі бір уақыттан кейін ғана күшіне енетін. Бұл өзгеріс сот төрелігінің жеделдігін арттырып, әкімшілік дауларды тиімді шешуге мүмкіндік берді.

**3. Сот жүйесінің ашықтығы мен цифрландыру.**

Қазақстан сот жүйесін цифрландыру бағытында да қадамдар жасады. Мемлекеттік органдарға, қорғаушы тараптарға және қоғамға сот процестерінің ашықтығын арттыру үшін электрондық платформалар белсенді түрде қолданылуда. Биылдан бастап электрондық сот жүйелері енгізіліп, іс материалдарын электрондық түрде қарау мүмкіндігі кеңейді.

**4. Сот кадрлары мен тәуелсіздік мәселелері.**

Жаңа реформалар сот билігінің тәуелсіздігін күшейтуге бағытталды. Судьялардың біліктілігі мен кәсіби дайындығын арттыру, олардың жауапкершілігін күшейту – реформаның негізгі бағыты. Осы мақсатта сот кадрларын іріктеу және бағалау жүйесі қайта қаралды, әрі судьяларды кәсіби даярлау бағдарламалары кеңейтілді.

2025 жылы Қазақстан сот жүйесінде ауқымды реформалар жүзеге асты. Олардың басты міндеті – сот билігінің тәуелсіздігін нығайту, құқықтық қорғанысқа қолжетімділікті арттыру, сот процестерінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету.

**Ақмарал ХАСЕНОВА,**
**Ақтау қалалық сотының судьясы**

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

# МАҢҒАЗ МАҢҒЫСТАУДЫҢ ДАМУ МҮМКІНДІГІ ЗОР

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Кендірлі әуежайының құрылысы басталды. 2025–2029 жылдары жалпы құны 198 млрд теңгеге 17 туристік жобаны іске асыру жоспарланған.

Агроөнеркәсіптік кешенде де оң өзгеріс байқалады. Биыл 38 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Маңғыстау түйе шаруашылығы бойынша елде көш бастап тұр. Бүгінде өңірде 95 мыңға жуық түйе бар. Президент тапсырмасына сәйкес, түйе сүтін терең өңдеп, экспортқа бағыттау бойынша үш ірі жоба іске асуда. Бұдан бөлек, Каспий теңізінде балық аулау және өсіруге шетелдік инвесторлар тартылып, 2027 жылға дейін төрт ірі аквакультура жобасы іске қосылады.

Шағын және орта бизнес өңір экономикасының негізгі тіректерінің бірі ретінде 40%-дық үлеске ие. Соңғы 11 айда бизнес субъектілері 1 трлн теңгенің өнімін шығарды. Инфрақұрылым саласында жергілікті маңызы бар автожолдардың 97%-ының сапасы жақсы. Өңір транзиттік тасымалдың маңызды нүктесі ретінде жүк айналымын арттыруда.

Маңғыстауда флотты күшейту де қағазда қалып қоймаған. Облыс әкімінің айтуынша, 2027 жылға дейін кемелер санын 6-ға дейін ұлғайту көзделген. Биыл 7 мың тонналық «Nasipkali Marabayev» құрғақ жүк кемесі іске қосылды. Құрық пен Алят порттары арасында 2028 жылға дейін 6 паром кезең-кезеңімен пайдалануға беріліп, теңіз дәлізіндегі барыс-келіс артайын деп тұр. Инвестор тарту нәтижесінде 2026 жылы құны 300 млн АҚШ долларын құрайтын жаңа теңіз портының құрылысының бірінші кезеңі басталады деп күтілуде. Сонымен бірге «Ақтау – Қазақстанның батыс қақпасы» халықаралық сауда-логистикалық хабын құру жоспары бар. Жобалар толық іске асса, 2030 жылға қарай порттардың өткізу қабілеті 60 млн тоннаға жетіп, 2 700 жаңа жұмыс орны ашылады.

Білім беру саласында да оң өзгерістер көп. Биыл Маңғыстау облысында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 13, демеушілік есебінен 1 мектеп ашылды. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес спортта дарынды балаларға арналған 300-ге жуық жас спортшыға білім беретін мектеп-интернат колледжі пайдалануға берілді.

2025 жылы Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болды. Бұл жоба халықаралық деңгейде еліміздің туристік және мәдени әлеуетін дамытуға септігін тигізді. Қараша айында «Ақтау-Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының салтанатты жабылу рәсімі өтті.

Брифинг барысында журналистер өңірдегі өзекті мәселелер бойынша сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды. Осы орайда Нұрдәулет Қилыбай газ бағасының қымбаттауы мүмкін деген әңгімелер мен жаңа Салық кодексі төңірегіндегі талқылауларға қарамастан, өңір халқында наразы көңіл-күй жоқ екенін айтты. Оның айтуынша, газ бағасына қатысты жағдай тұрақты және толық бақылауда. Энергетика министрлігі қазір мұндай күрт өзгерістерге бармайды. Яғни, инфляция деңгейіне сай аздап көтерілуі мүмкін. Қалай болғанда да, баға күрт шарықтамайды, бәрі ақылға қонымды шеңберде болады. Десе де газ өңдеу зауытындағы жабдықтарды жаңарту мәселесі әлі де өзекті. Сонымен қатар әкім қаңтар айында халық арасында толқулар болуы мүмкін бе деген сұраққа «Мен ешқандай алғышарт көріп тұрған жоқпын», – деді.

Маңғыстау – әлеуеті зор, бірақ сын-қатері де көп өңір. Брифинг көрсеткен басты шындық – өңір билігі экономиканы әртараптандыруға ниетті, алайда бұл ұзақ әрі күрделі процесс. Мұнайдан кейінгі кезеңге дайындық қазірден басталмаса, бүгінгі өсім ертеңгі тәуекелге айналуы мүмкін.





# ОБЛЫС ЭКОНОМИКАСЫ ТҰРАҚТЫ ӨСУДЕ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Әсіресе, Қостанай облысы машина жасау саласында республика бойынша жетекші орынға ие. Саланың өндіріс көлемі 1 223,8 млрд теңгеге жетіп, ұлттық экономика үшін стратегиялық мәнге ие болып отыр.

Өңірдегі ең ірі индустриялық жобалардың бірі – KIA автокөлік зауыты. Кәсіпорында 1 500 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, өңдеуші секторды 46,5 пайызға өсуіне серпін берді. Бұл жоба Қостанай облысын автомобиль өнеркәсібінің жаңа орталығына айналдыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Рудный қаласында 655 млрд теңге инвестиция тартылған ыстық брикеттелген темір (ЫБТ) зауытының құрылысы жүріп жатыр. Жоба іске қосылғанда 1000-нан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Ал «KamLitKZ» ЖШС жүзеге асырған 78,2 млрд теңгелік шойын құю зауыты өңірдің металлургиялық әлеуетін арттырып, ішкі және сыртқы нарықтарға бағытталған өндірісті кеңейтуде.

Қостанай – дәстүрлі аграрлы өңір. 2025 жылы облыстың агроөнеркәсіптік кешеніне 207 млрд теңге көлемінде мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,2 есе көп.

Нәтижесінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1 трлн теңгеден асып, 7 млн тонна астық жиналды. Бұдан бөлек, өңірде жалпы құны 200 млрд теңгеге жуық астықты терең өңдеу жобалары жүзеге асырылып жатыр. Бұл – агросекторды тек шикізат көзі емес, өңдеуші индустрияға айналдыруға бағытталған стратегиялық шешім.

Қостанай қаласында салынып жатқан «Тобыл» құрғақ порты – өңірдің транзиттік әлеуетін арттыратын маңызды нысан. Жылына 400 мың контейнер өңдеуге қауқарлы портқа 63,8 млрд теңге инвестиция тартылған. Логистика саласының дамуы жүк тасымалы көлемін 20 пайызға арттыруға мүмкіндік береді.

Энергетика саласында да айтарлықтай ілгерілеу бар. Жаңартылатын энергия көздерін іске қосу нәтижесінде электр энергиясын өндіру көлемі 0,12 ГВт-дан 1,2 ГВт-ға дейін өсіп, 10 есеге артты.

Соңғы 3 жылда 1,5 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 2025 жылы 1 300 км автомобиль жолы жөнделді. Бұл – 2022 жылмен салыстырғанда 4,6 есе көп, яғни өңір инфрақұрылымын жаңғырту қарқыны еселеп артқан.

11 айдың қорытындысы бойынша облысқа 556,4 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 7,8 пайызды құрады. Бұл Қостанай облысының инвесторлар үшін сенімді, тұрақты әрі болашағы зор өңірге айналғанын айғақтайды.

Қорытындылай айтқанда, Қостанай облысы индустриялық даму, аграрлық жаңғыру, инфрақұрылым мен инвестицияны үйлестіре отырып, ел экономикасының негізгі драйверлерінің біріне айналып келеді. Брифингте айтылған деректер – өңірдің қысқа мерзімді жетістігі ғана емес, ұзақмерзімді стратегиялық дамуының нақты көрінісі.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**
**«Заң газеті»**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# KazAID ұйымына – 5 жыл

Қазақстан Дүниежүзілік банктің сыныптамасы бойынша 2006 жылы табыс деңгейі орташадан жоғары ел мәртебесіне ие болды және дамуға ресми көмек (ДРК) ұсынатын әлеуетті донорлар санатына көшті. Сондықтан 2014 жылғы «Дамуға ресми көмек туралы» заң мен Үкіметтің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 861 қаулысына сәйкес дамуға ресми көмек саласындағы ұлттық оператор ретінде «KazAID» Қазақстандық халықаралық даму агенттігі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы құрылған болатын. ҚР Сыртқы істер министрлігінің ведомстволық бұл ұйымына биыл 5 жыл толып отыр. Осы уақытта «KazAID» қазақстандық халықаралық даму агенттігі арқылы 34 млн доллардан астам сомаға гуманитарлық көмек көрсетіліп, ресми даму көмегі жобаларын қаржыландырудың жалпы көлемі 183 млн долларға жетіп, ол 40-тан астам елді қамтыды.

Мәселен, өткен айда жойқын жер сілкіністерінен кейін ауған халқына қолдау көрсету мақсатында ҚР Ауғанстанға құрамында 13 дәрігері бар (хирургтер, нейрохирургтер, травматологтар және т.б.) гуманитарлық миссиясы жолдады. Сонымен қатар 18 тонна дәрі-дәрмек, медициналық құрал-жабдықтар, шатырлар және алғашқы қажеттіліктегі өзге де заттар түрінде гуманитарлық көмек көрсетілді. Ал желтоқсанның басында «KazAID» қазақстандық халықаралық даму агенттігінің Басқарма төрағасы Аркен Арыстанов бастаған қазақстандық делегация Таиландтың Бангкок қаласында өткен Азия-Тынық мұхиты өңірі елдерінің бас директорларының 7-ші форумына қатысты. Онда KazAID пен TICA Таиландтың халықаралық даму агенттігі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Ол екі ұйым арасында халықаралық даму саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру және тәжірибелермен алмасу, оқыту және әріптес елдерде бастамаларды бірлесіп іске асыру үшін мүмкіндік туғызбақ.

Жалпы KazAID 5 жыл ішінде дамуға ресми көмек бағытында түрлі деңгейдегі ұйымдармен 22 меморандум жасасқан.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

ҚАДАҒАЛАУ

**Батыс Қазақстан облысының прокуратурасы қылмыстық тәуекелдерді анықтауға және азайтуға бағытталған «Қауіпсіз өңір» жобасын ұсынды. Жоба қауіпті учаскелерді абаттандыруды, көшелерді жарықтандыруды, инфрақұрылымды мониторингтеуді, сондай-ақ құқық бұзушылықтар туралы деректерді талдау негізінде профилактикалық және патрульдік жұмысты күшейтуді көздейді.**

# ҚОЛДАУ КӨРГЕН БАЛАНЫҢ ҚАДАМЫ НЫҚ

Қазіргі таңда әжептеуір нәтижелер бар: бірқатар қауіптер төмендетіліп, балалардың мектепке баратын жолында инфрақұрылым қамтамасыз етілді, буллинг фактілері анықталып, жедел шаралар қабылданған.

Аталған жұмыс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұл-қыздарымыздың парасатты және жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азаматтардың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау әрдайым мемлекеттің басты басымдығы болып саналады деген талаптарына сәйкес келеді. Балалар – біздің болашағымыз. Сондықтан еліміздегі әрбір жеткіншектің мейірім мен қамқорлыққа бөленіп, үлкеннің қолдауын сезінуі, ертеңгі күнге сеніммен қарауы өте маңызды. Барлық өңір прокурорларына балалар қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, осындай жұмысты жүргізу тапсырылды. Қауіпті учаскелерді анықтау, жарықтандыру мен патрульдеуді күшейту, жергілікті атқарушы органдармен және полициямен нақты өзара іс-қимылды қамтамасыз ету прокурорлардың алдағы кезеңдегі негізгі міндеті. Балаларды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау және олардың өмірі үшін қауіпсіз, сенімді орта қалыптастыру барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың жұмысының сөзсіз басымдығы болуы тиіс.

Ал Алматы облысының прокуратурасы Kundelik платформасымен меморандум жасап, қосымшаның басты бетінде прокуратураның блогын іске қосты. Блог балалардың құқықтық мәдениетін арттыруға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Балалармен кері байланыс QR-кодтар, сондай-ақ мессенджерлер арқылы анонимді өтініш беру мүмкіндігімен қамтамасыз етілген. Блогты 210 мың оқушы мен олардың ата-аналары қарады. Kundelik платформасымен ынтымақтастық құқықтық ақпаратты жеткізумен қатар, қолда бар мәліметтерді талдауға, оларды «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында пайдалануға, сондай-ақ тәуекел тобындағы балаларды және баланы тәрбиелеу бойынша өз міндеттерін орындамайтын ата-аналарды уақтылы анықтауға мүмкіндік берді.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде 16 мыңнан астам бала тиісті медициналық қызметтермен қамтылды, 4 мыңнан астам ата-анаға заңда көзделген әлеуметтік төлемдер қамтамасыз етілді.

Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі прокурорлар жұмысын жүйелеу, сондай-ақ балалар мен ата-аналарды ақпараттандыру тиімділігін арттыруда Kundelik платформасының ықпалы зор.

Бұл іс шаралар:

- балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған прокуратура жобаларын біріктіруге және жүйелеуге;
- нақты балалар мен ата-аналар топтарымен жұмысты бірыңғай әрі үйлестірілген тәсілде жүргізуге;
- қолайлы әрі кеңінен қолданылатын цифрлық құрал арқылы құқықтық тәрбиені және заңға бағынатын азаматты қалыптастыруды күшейтуге мүмкіндік береді.

Аталған жұмыстардың барлығы балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға және «Заң мен тәртіп» қағидаттарын профилактика, уақытылы көмек көрсету және әрбір баланың құқығын қорғауға бағытталған.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**
**«Заң газеті»**

САРАП

# ЗАҢҒА БАС ИЮ ӘЛСІЗДІКТІҢ ЕМЕС, ӘДІЛЕТТІҢ ӨЛШЕМІ

**Мемлекет идеясының өзегін құрайтын фундаменталды қағидаттардың бірі – құқық үстемдігі.**



**Ердос АЛТЫНБЕКОВ, Конституциялық Сот аппаратының қызметкері**

Ежелден бері адамзат қоғамы реттеусіз өмір сүрген емес. Қай дәуірді, қай өркениетті алып қарасақ та, әрбір қоғам өз тіршілігін белгілі бір ережелер мен қағидаларға сүйеніп ұйымдастырған. Тіпті жазу-сызуы болмаған қауымдық кезеңнің өзінде де адамдар арасында мінез-құлық нормалары, әдет-ғұрыптар, тыйымдар мен рұқсаттар жүйесі болған. Бұл – адам табиғатының бір қыры, яғни тәртіп пен әділдікке ұмтылу қасиеті.

### Тәртіпке бағыну – табиғи қажеттілік

Адамның бойында ежелден бар бұл ішкі сезім – тәртіпке бағыну, әділдік іздеу деген ұғымдармен тығыз байланысты. Қоршаған ортадағы хаосты тәртіпке келтіріп, өмір сүруге қажетті кеңістік жасау адамзат қоғамының табиғи қажеттілігі. Өйткені қоғамда бейберекет өмір сүре алмайтын адам баласы ерте ме, кеш пе, ортақ ереже мен заңға жүгінеді. Ертедегі Мысыр, ежелгі Вавилонның атақты Хаммурапи мен Үндідегі Ману заңдары, Қытайдың Конфуцийлік мораль жүйесі, Грекия мен Римнің құқықтық дәстүрлері, «Еркіндіктің ұлы хартиясы» – бәрі де адамзаттың қоғамдық өмірді жүйелеу қажеттілігінен туған.

Сондықтан құқық – тек билік ету және оны іске асыру формасы ғана емес, ол сондай-ақ адам табиғатының көрінісі, қоғамдық өмірдің рухани өзегі. Адамдар ежелден заңға бас июді әлсіздіктің емес, өркениеттіліктің, ортақ игілікті қорғаудың белгісі деп түсінген. Уақыт өзгерсе де, бұл ұстаным мәңгі өзекті: қоғам бар жерде – заң бар, ал заң бар жерде – адамдық тәртіп пен әділет бар. Бұл концептуалды ұғымдардың қазақ дүниетанымына жақын екендігін «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», деген Бауыржан Момышұлының сөздерінен де байқауға болады.

### Қазақ даласындағы құқық үстемдігі

Тарихымыздағы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» қазақ халқының хандық дәуіріндегі әдет-ғұрыптық заң ережелері мен құқықтық нормалары, Абай Құнанбайұлы бастаған қазақ оқымыстылары дайындаған тарихи құжат «Қарамола» ережелері, Қазақ КСР-ның конституциялары (1926, 1937 және 1978 жж.) қазақ даласында қоғамдық қатынастардың заң аясында реттелгенін көрсетеді.

Сонымен қатар, қазақ даласында билердің байламды шешімдері де қатаң тәртіпті бұлжымас қағидаға айналдырды. Бұл – құқық үстемдігі қағидатының қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасып, орныққанын айғақтайды.

Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл.

Бүгінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен заман талабына сай кешенді реформалар жүргізілуде. Жаңартылған Конституция мемлекет пен қоғамды одан әрі дамытуға құқықтық алғышарттар қалады. Саяси модель жүйелі түрде трансформацияланып жатыр. 2022 жылғы конституциялық реформа бүкілхалықтық референдум арқылы жүзеге асырылды. Мемлекеттік билік органдарының жұмысын ұйымдастыруға және мемлекеттік басқаруды жетілдіруге жаңа тәсілдер енгізілді. Сонымен қатар, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтіп, елді демократияландыру үдерістеріне жаңа серпін берді. Бұл процестердің алғышарты ретінде құқықтық реформа негізге алынды, ал заң мен тәртіп қағидаты бағыттаушы негізгі күш болып отыр. Осы орайда мемлекет басшылығы құқық үстемдігі қағидатына ерекше назар аударып отыр. Ал бұл қағидаттың қайнар көзі Конституция екені барлығына мәлім.

*Конституциялық іс жүргізу қоғамдық қатынастарды реттеу жүйесін құқықтық реттеудің қайшылықтарын, олқылықтарын және конституциялық емес элементтерін анықтауда басты рөл атқарады.*

*Конституциялық бақылау органы өз нормативтік қаулыларында заңнаманы жетілдіруге бағытталған маңызды құқықтық ұстанымдарды қалыптастырады және қолданыстағы құқықтағы негізгі заңға қайшы келетін нормалардың күшін жояды.*

*Әлемдік тәжірибеде конституциялық бақылау органдарының шешімдері кейде қоғамның тағдырын айқындап, саяси және құқықтық бетбұрыстарға жол ашқан мысалдармен ерекшеленеді.*

### Конституциялық сот – халық қорғаны

Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең (14-бап) және әркім Қазақстан Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті (34-бап) екені негізгі заңда нақты айқындалған. Құқық үстемдігі қағидатын ілгерілету қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуде, азаматтардың құқықтық санасын арттыруда және мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтуда шешуші рөлге ие. Биыл Еуропа Кеңесі жанындағы Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия құқық үстемдігі мәселелеріне арналған бақылау тізбесін жаңалады.

Бұл, ең алдымен, еліміздің әр азаматына және барша халқымызға ортақ тәртіп. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бұл қағидатты өмірде жүзеге асыруда конституциялық бақылау институттарының рөлі ерекше. Жоғарыда атап өткеніміздей, конституциялық реформа нәтижесінде мемлекет пен қоғамды одан әрі дамытуға құқықтық алғышарттар қаланды. Конституциялық Сот өз жұмысын бастады. Азаматтарға құқық нормаларының Конституцияға сәйкестігін тексеру үшін Конституциялық Сотқа жүгіну мүмкіндігі берілді. Бұл Ата Заңның толық сақталуы мен орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру жолындағы маңызды қадам.

Конституциялық іс жүргізу қоғамдық қатынастарды реттеу жүйесін құқықтық реттеудің қайшылықтарын, олқылықтарын және конституциялық емес элементтерін анықтауда басты рөл атқарады.

Конституциялық бақылау органы өз нормативтік қаулыларында заңнаманы жетілдіруге бағытталған маңызды құқықтық ұстанымдарды қалыптастырады және қолданыстағы құқықтағы негізгі заңға қайшы келетін нормалардың күшін жояды.

Әлемдік тәжірибеде конституциялық бақылау органдарының шешімдері кейде қоғамның тағдырын айқындап, саяси және құқықтық бетбұрыстарға жол ашқан мысалдармен ерекшеленеді.

Мәселен, АҚШ Жоғарғы Соты «Браунның Білім беру кеңесіне қарсы ісі» (Brown v. Board of Education, 1954) бойынша нәсілдік кемсітушілікті Конституцияға (АҚШ Конституциясының 14-түзетуіне) қайшы деп таныды. Бұл тарихи шешім қара нәсілді оқушы Линда Браунның ақ нәсілділермен тең білім алу құқығын қорғаумен қатар, теңдік және әділеттілік қағидатын нақты бекітті. Аталған іс АҚШ-тағы азаматтық құқықтар қозғалысының бастауына айналып, құқықтық жүйеде әлеуметтік әділеттілік пен адамның қадір-қасиетін қорғаудың жаңа кезеңін ашты.

Тарихи шешім заңды әділеттілік рухына сай қолданғанда ғана қоғамда шынайы теңдік пен құқық үстемдігі орнығатынын көрсетті.

Ал Оңтүстік Африка Республикасының Конституциялық Соты «State v. Makwanyane» (1995) ісі бойынша өлім жазасын Конституцияға қайшы деп танып, адамның өмір сүру және қадір-қасиет құқығын жоғары құндылық ретінде бекітті. Бұл шешім апартеидтен кейінгі кезеңде адам құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мен сол құқықтарды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарды. Ол құқық үстемдігі адамның өмірі мен қадір-қасиетін қорғаудан басталатынын және әділетті қоғамның негізі – адам құқығын абсолютті құндылық ретінде тануға негізделетінін айқындады.

Екі тарихи шешімнің ортақ мәні – конституциялық сот төрелігі адам құқықтарын қорғаудың маңызды тетігі екенін және құқық үстемдігі қағидаты тек заң мәтінінде емес, қоғамның әділет пен адамның қадір-қасиетіне деген құрметінде көрініс табатынын айқын көрсетті.

### Әлеуметтік әділдікті сақтау маңызды

Өз қызметін бастағалы Конституциялық Сот азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, өзекті құқықтық мәселелерге қатысты 70-тен аса нормативтік қаулы шығарды. Солардың қатарында Конституциялық бақылау органы қараған әлеуметтік маңызы бар мәселеге қатысты іске тоқталуды жөн көрдім. Конституциялық Сот Әлеуметтік кодекстің 208-бабының 1-тармағы 8) тармақшасында көзделген, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде жұмыс істемейтін ананың жас балаларға күтім жасаған уақыты есепке алынатыны туралы норманы қарады. Конституцияға сәйкес балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті, ал неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекет қорғауында болады. Жас балаға күтім жасау ерекше қамқорлық пен қорғауды қажет етеді, өйткені бұл кезең оның қалыпты физикалық, ақыл-ой, адамгершілік және психологиялық дамуы үшін маңызды. Осындай жағдайда ата-аналардың объективті себептермен еңбек ету құқығын толық жүзеге асыруы шектелуі мүмкін.

Конституциялық бақылау органы ата-ана міндеттерін орындаумен байланысты мұндай жағдайлар әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатта компенсаторлық тетіктерді әзірлеу кезінде ескерілуі қажет екенін атап өтті. Осыған байланысты Конституциялық Сот жұмыс істемейтін ата-анаға жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде жас балаларға тікелей күтімді жүзеге асырған уақыты есепке алынады деген түсіндірмеде Әлеуметтік кодекстің 208-бабы 1-тармағының 8) тармақшасын Конституцияға сәйкес келеді деп таныды (Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 6 ақпандағы № 66-НҚ нормативтік қаулысы).

Осылайша, бұл маңызды шешімі арқылы Конституциялық Сот балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу мәселелерінде ата-ананың екеуінің де тең құқықтылығы қағидатын күшейтіп, жұмыс істемейтін ата-ананың еңбек өтілін есептеу құқығына қатысты әлеуметтік әділдік пен конституциялық кепілдіктердің сақталуын нақтылай түсті.

Конституциялық Сот өз шешімдерінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты маңызды мәселелерді қарады. Атап айтқанда, ол қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және басқа да құқық салаларындағы түйткілді құқықтық мәселелерге талдау жасап, конституциялық-құқықтық тұрғыдан бағасын берді. Бұл шешімдер құқық қолдану практикасының жетілуіне, заңдардың конституциялық қағидаттарға сай түсіндірілуіне және азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейінің артуына елеулі ықпал етті. Бұл Ата Заңның үстемдігін қамтамасыз ететін конституциялық бақылау органының еліміздегі құқық үстемдігі қағидатын қатаң сақтаудағы рөлі айрықша екенін көрсетеді.

### «Заң мен тәртіп»

«Заң мен тәртіп» – мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты. Ол шын мәнінде кемел демократияның тірегі, құқықтық мемлекеттің негізі. «Заң мен тәртіпке» бағынбасақ, құқық нормаларына құрметпен қарамасақ, Әділетті Қазақстанды құрып, оны өркендеген мемлекет ете алмаймыз. Сондықтан біздің міндетіміз – бұл қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша кіріктіріп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру», – деп Мемлекет басшысы үнемі тілге тиек етеді. Осы ретте жақында ғана қабылданған «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Президент Жарлығының маңызы жоғары екенін әрі оған сәйкес ішкі саясаттың қағидаттарының бірі ретінде «Заң мен тәртіп» қағидаты нақтыланғанын ерекше атап өткен жөн.

Бұл – мемлекеттік саясаттың қоғамның сұранысына және қоғамдық сананың даму деңгейіне толық сәйкес келетінін айғақтаса керек.

Осы тұста Шоқан Уәлихановтың: «Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген заң ғана халық үшін жайлы болмақ. Бұл заң қаншалықты олпы-солпы болғанымен, сырттан телінген немесе жоғарыдан ұсынылған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті де айқын екеніне ешқандай күмән жоқ» деген сөзі ойға оралады. Бұл пікір заңның күші тек қағазда емес, оның халықтың рухымен үйлесуінде екенін дәл көрсетеді. Заң халықтың өмір салтымен, дүниетанымымен үндескенде ғана қоғамда тұрақтылық пен сенім орнайды. Сол себепті құқық үстемдігі – құқықтық қағидат қана емес, ұлттың моральдық және рухани кемелдігінің айнасы.

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

## БІЛІМ ОРДАЛАРЫ ЕСІГІН АШТЫ

Биыл Маңғыстау облысында 13 мыңнан астам оқушыны қамтитын 14 мектеп пайдалануға берілген. Оның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 12 600 орындық 13 мектеп, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың демеушілік қаражаты есебінен 1200 орындық 1 мектеп қолданысқа берілінті. 2024 жылмен салыстырғанда үш ауысымда оқитын мектептердің саны қысқарып, 10 мектептен 3 мектепке дейін азайды. Облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбайдың мәліметінше, алдағы уақытта бұл үрдіс жалғасын таба бермек.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ**
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

## САПАЛЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

Қостанай облысында халықты қолжетімді әрі сапалы тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда өңірде 1,5 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Жыл басынан бері облыста 435,6 мың шаршы метр тұрғын үй немесе 4 502 пәтер пайдалануға берілді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 2,3 пайызды құраса, жыл соңына дейін облыс бойынша 500,0 мың шаршы метр тұрғын үйді немесе 6 500 пәтерді салу және пайдалануға беру жоспарланған. Тұрғын үй құрылысы қалалармен қатар ауылдық елді мекендерде де дамуда. Соңғы үш жылда ауылдық мекендерде 194 мың шаршы метрден астам тұрғын үй немесе 905 жеке тұрғын үйі салынған. Бұл ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайын жақсартуға және елді мекендердің кешенді дамуына ықпал етеді.

**А.МӘУЛЕНБАЙ**
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚОЛДАУ БАСТЫ НАЗАРДА

Солтүстік Қазақстан облысында «Қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және нығайту» форумы өтті. Форумға мемлекеттік органдардың басшылары, депутаттар, Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктері, дін өкілдері, облыстың қоғам өкілдері, аудандар бейнебайланыс арқылы қатысты.

«Бұл ретте басшылардың алатын рөлі үлкен. Мемлекеттің тұрақты дамуы, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты және жүзеге асырылып жатқан реформалардың тиімділігі қоғамда азаматтық бірегейлікпен жауапкершілік сезімінің орнығуымен тікелей байланысты. Біздің міндетіміз жұмыстың ашықтығын қамтамасыз ету, ашық диалогты қолдау және азаматтардың мүдделерін ескеру»,– деді облыс басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов.

**Е.КЕБЕКБАЙ**
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

# ТӨРАҒА НЕ ДЕЙДІ, ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Анығында да төраға өз әрекетінің заңды екендігіне күдік тудырмас үшін қаржыға қатысты қажетті құжаттарды жұртқа таныстырғанда мұндай кикілжің болмас та еді. Өкінішке қарай, ревизиялық комиссия мүшелері бұл шараның заңдылығына тексеру жүргізбеген.

Егер қолданыстағы заңның талабына жүгінсек, Досжан Әшірбаевтың келтіріп отырған дәлелдерінде жеке бастың мүддесіне қарай алып қашатын қиғаштық жоқ. «Тұрғын үй қатынастары туралы заңның» 43-бабы 9-1-бөлігінің талабына сәйкес, төраға «жазбаша талап етуі бойынша күнтізбелік он бес күн ішінде пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иесіне, үй кеңесі мүшелерінің біреуіне немесе ревизиялық комиссия мүшелерінің біреуіне ревизорға кондоминиум обьектісін басқару және кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі ай сайынғы және жылдық есептер бойынша қаржылық құжаттаманың бастапқы есепке алу құжаттары, қаржылық есептілік, ағымдағы шот пен жинақ шоты бойынша операцияларға байланысты құжаттар көшірмесін қағаздағы және немесе электрондық түрде ұсынуы» тиіс. Қолданыстағы заңның 50-бабы 2-тармағы да ортақ мүлікті күтіп ұстауға байланысты атқарылған жұмыс жөніндегі мәліметті бірлестік төрағасының әр айдың тоғызына дейінгі аралықта, яғни келесі есеп беретін кезеңге дейін қолжетімді жерге орналастыруға тиіс екенін қаперге салады. Бір сөзбен айтқанда, қаржы мәселесінде жасырып, жабатындай жасырын нәрсе болмауы керек. Ал, Жақсыбай Ғаппасов болса, тұрғындардың осы күрделі жөндеу жұмысына қатысты мәліметті сұратып, үй кеңесі мен бірлестік атына жолдаған өтініш хаттарына күні бүгінге дейін жауап бермеген.

Д.Әшірбаев бірлестік төрағасы Ж.Ғаппасовтың қолданыстағы заңның 43-бабының 5 және 7-бөліктерінің талабында көрсетілгендей екінші деңгейлі банктен ағымдағы және жинақ есептерін ашу әрекеттерінде де заңсыздық бар деп есептейді. Бірлестік төрағасы 2023 жылдың тамыз айында меншік иелерінің рұқсатынсыз және бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысын өткізбей, екінші деңгейлі банктен заңда көрсетілген екі шотқа қосымша үшінші шот ашқан. Пәтерлердің, тұрғын үй емес үй-жайлардың меншік иелерінің бірлестігі коммерциялық ұйым сияқты заңды тұлға емес, сол себептен де қолданыстағы тұрғын үй заңында белгілі бір мөлшердегі пайыздық көтермелеу сыйақыларын алып отыруға негізделген депозиттік шот ашу мәселесі қарастырылмаған. Ендеше, заңда көзделмеген шотты ашуға төраға неге соншалықты мүдделі болды екен? Егер пәтерлер мен тұрғын үй емес үй-жайлардың меншік иелері бірлестіктің үй кеңесі және ревизиялық комиссия бұл жөнінде Ж.Ғаппасовқа меншік иелерінің жалпы жиналысының қорытындысымен ондай құзырет берсе, онда оның хаттамасы мен үшінші депозиттік шот ашу жөніндегі хаттамасының мазмұны жұртқа таныстырылуы қажет еді.

Қысқасы, бірлестік басшысы Ж.Ғаппасовтың қаржыға қатысты іс-әрекетінде күдік тудыратын күмәнді тұс көп. Заң бойынша нысандағы ортақ мүлікті күтіп-ұстауға шығындалатын қаржының жылдық сметалық жобалары жалпы жиналыста қаралуы тиіс. Алайда, бірлестіктің жылдық сметалық жобасына кондоминиумға қарасты нысандардағы ұсақ-түйек жөндеу жұмысына жұмсалатын қаржының шығыны қосылса да, подъездер мен үй дәліздері алаңдарындағы жылу беру нүктелеріне жөндеу жұмысы жүргізілмейді. Ж.Ғаппасов пен үй кеңесі мүшелері тұрғындар пәтерден тыс дәліздердегі және жылу нүктелеріндегі жөндеу жұмысын өз қаржысы есебінен жүргізіп, қажетті материалды өздері сатып алып, жалдайтын мамандарға ақыны өздері төлеуі керек деп есептейді. Ал заң не дейді?

Қолданыстағы заңның 14-бабы 2-бөлігі (фасадтар мен подъездердің, вестибюлдердің, холлдардың, дәліздердің, баспалдақтар мен баспалдақ алаңдарының, лифтілердің, шатырлардың, төбелердің, техникалық қабаттардың, жер төлелердің, жалпыүйлік инженерлік жүйе мен құрал-жабдықтардың, абоненттік пошта жәшіктерінің, көп қабатты үйлердің жанындағы жер телімінің, тағы да басқа жалпы жұрт пайдаланатын басқа да ортақ мүліктер) пәтерден бөлек тұрғын жайға жатпайтын жайлардың жеке (бөлінетін) меншіктік кондоминиумның жалпы мүлкінің нысаны болып табылатындығын көрсетеді. Кондоминиумның ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі ереже мен Ұлттық экономика министрінің дәл осы мәселеге қатысты 2015 жылғы 19 ақпандағы №108 бұйрығының талабында да пәтерден тыс нысандардың кондоминиумның ортақ мүлкі болып есептелетіндігі көрсетілген. Заң осылай дейді, ал Ж.Ғаппасов оған бағынғысы келмейді.

Тағы бір қызығы, жақында Жақсыбай Ғаппасов жертөлелердегі жылу жүйелеріне жүргізілетін күрделі жөндеу жұмысына шығындалатын қаржы көлемін (9 007 012) тоғыз миллион жеті мың теңгеге көтеріп, жұмсалатын қаражаттың сметасын бекіту үшін меншік иелерінің жалпы жиналысын өткізді. Меншік иелерінің көкейінде «апыр-ау, мына қаржы тым көп емес пе, осыншама ақшаны шығындау төрағаға неге керек» деген сауал көлденеңдегеніне қарамастан Ж.Ғаппасов сметалық шығынды бекітіп жіберген. Ол меншік иелеріне жалпы жиналыстың хаттамасын жинақтау шотынан тоғыз миллион жеті мың теңге көлеміндегі қаражат шешіліп алынғаннан кейін ғана таныстырған. 2024 жылды 27 қыркүйегінде өткізілген жиналыста Ж.Ғаппасов қосымша тағы да жинақтау шотынан үш миллион теңге көлеміндегі қаржыны шешіп алу мәселесін көтерген. Алайда, төраға күні бүгінге дейін ревизиялық комиссия мүшелеріне «Жігер-2» тұрғын үй кеңесінің жылу нүктелеріне жөндеу жұмысын жүргізу жөніндегі мердігер мекемемен арадағы жасалынған келісімшарттағы қамтылған мәселелерді жасырын ұстап, таныстырмай келеді. Егер Ж.Ғаппасовтың алақаны таза болса, мердігер мекемемен жасалған қаржылық келісімшартты неге жұрттан жасырады?

Жақсыбай Ғаппасовтың заңсыз әрекеттеріне қатысты осындай мәселелер биыл 31 наурыз күні өткен Астана қаласындағы азаматтық істер жөніндегі аудандаралық сотында қаралған. Істі судья Л.Мұздыбаева қарады. Судья тұжырымына сүйенсек, жауын құбырын тазалауға жұмсалған 90 000 теңге төңірегінде заңсыздық жоқ. Оған «Жігер-2» пәтерлерінің тұрғын үй емес үй жайлардың меншік иелері мен жеке кәсіпкер Исмаил арасында жасалған келісімшарт дәлел деп есептейді судья. Л.Мұздыбаева әрі қарай атқарылған жұмыстың дені 2023 жылғы 17 шілдедегі зерттеу актісімен дәлелденген деп қорытынды жасап, тараптың Ж.Ғаппасов меншік иелерінің шотындағы 90 000 теңгені негізсіз жаратты деген айыбымен келіспейді. Судьяның ойынша жауын құбырын тазалау кондоминиум нысанын күтіп ұстау жұмысындағы күрделі жөндеу жұмысының санатына жатпайды, сондықтан да ол үшін жұртты жинап, жалпы жиналыс өткізіп, шешім қабылдаудың қажеті жоқ деп санайды. Л.Мұздыбаева бірлестік төрағасы Ж.Ғаппасовтың меншік иелерімен келіспестен банктен үшінші депозиттік шот ашқанын да банктің берген тілдей анықтамасы негізінде жоққа шығарады. Сотқа талап арыз түсірушілердің жылу жүйесіндегі кейбір ұсақ-түйек жұмыстар пәтер иелерінің өз қаржыларымен жөнделеді деген айыпқа да дәлелдің жеткіліксіздігін айтады.

Судья Ж.Ғаппасовтың жылу жүйесін жөндеу жұмысына жалпы жиналыстың келісімінсіз 9 007 012 теңге көлеміндегі қаржыны заңсыз бөлген деген талабымен де келіспейді. Оны дәлелдейтін құжаттың бәрі сотқа ұсынылды деп санайды. Бірақ оның қандай құжат екендігін көрсетпейді. Сырт қараған адамға осы дау бойынша судья шешімі төрт құбыласы түгел, соңына сұрақ қалдырмайтындай негізде шығарылғандай көрінуі мүмкін. Алайда істі қараған судья Л.Мұздыбаеваның арадағы дауды талдап, таразылап, заң безбеніне салып, артық-кемін өлшеп ақиқатын айтудың орнына, көп нәрседе ішкі пайымның жетегімен кетіп қалғаны көрінеді. Басшылар осыншама жұмыс атқарылды деп өз әрекеттерін ақтап, өтірік есеп беруі үшін жалған тауар чектері мен басқа да қолдан жасалған құжаттарды пайдалану арқылы күмәнді жасырып, жабуы әбден мүмкін. Оның заңдылығын дауда соңғы нүктесін қоятын судьядан басқа кім тексеруі керек? Егер сот тараптардың жинақтап, өздеріне ұсынған құжаттарының қаншалықты заңды әрі негізді екендігіне алдын ала сот сараптамасын жасатып, оның дұрыс-бұрыстығына көзін жеткізіп алғанда сот шешімі төңірегінде мұндай сауалдар туындамас еді.

**Елеусіз МҰРАТ**



ЖАУАП

# Біздің әрекетімізде заңсыздық жоқ

Досжан Әшірбаевтың бізге қатысты айыбымен жақсы таныспыз. Ол біздің үстімізден сотқа шағымданып, бұл құзырлы орын талаптарын қарап шыққаннан кейін, оларды заңсыздық деп тауып қанағаттандырмаған болатын. Мәселенің бірі Жігер-2 Мүлік иелері бірлестігінің нөсерлі кәрізді тазалауға 90 000 теңге жұмсауға қатысты туындады. Шағымданушылар өз талабын тазалау жұмысына келісімшарт жасалғанын немесе жасалмағанын білмеуімен және оларға аяқталғаны туралы анықтама берілмегенімен негіздейді. «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 43-бабы 7-тармағы 9-3-тармақшасына сәйкес мүлік иелері бірлестігінің төрағасы кондоминиумда пәтер иелерінің қауіпсіз өмір сүру жағдайын жасауға бағытталған шаралар кешенін қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан аталмыш шағымды сот негізсіз деп тапты.

Расында, нөсерлі кәрізді тазалау қажеттілігі туындаған кезде, мүлік иелері бірлестігінің төрағасы мен Үй кеңесінің мүшелері «iKomek», содан кейін Астана қаласы Алматы ауданы әкімі аппаратының Тіршілікті қамтамасыз ету бөліміне хабарласқан болатын. Олар «Елорда экологиялық жүйесі» шаруашылық пайдалану құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнына жолдады. Бұл кәсіпорынға хабарласқаннан кейін, олар кәрізді тазалау қызметін көрсете алмайтыны белгілі болды. Себебі, «Жігер-2» АЖО шаруашылық пайдалану құқығындағы «Елорда экологиялық жүйесі» мемлекеттік кәсіпорнының балансына немесе басқа біреуге берілмеген, сондықтан олардың қызмет көрсету аймағына кірмейді. ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы №108 бұйрығымен бекітілген Кондоминиум мүлкін басқару және кондоминиум мүлкінің ортақ мүлкін күтіп ұстау ережелерінің 2-тармағы 8-тармақшасына сәйкес, қызмет көрсетуші жасалған келісім бойынша кондоминиум мүлкінің ортақ мүлкін күтіп ұстау бойынша қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға. Осы талап негізінде 2022 жылдың 30 тамызында «Жігер-2» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қауымдастығы мен жеке кәсіпкер Исмаил арасында тиісті келісімшартқа қол қойылды, себебі соңғысы қызмет көрсетуші. Сол кезде «Жігер-2» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қауымдастығының төрағасы талапкер Досжан Әшірбаев болды. Бұл келісімшарт бойынша нөсерлі кәрізді тазалау жұмысы жүргізілді. Жеке кәсіпкер Исмаил топырақ, құм, жапырақтар және топырақты қоса алғанда, 40-тан астам тұрмыстық қалдықтарды шығарып, жойды. Тазалау үшін арнайы жабдық қажет болды. Құрылыс кеңесінің мүшесі Е.Бекиров нөсерлі кәріз құбырына арналған тазалау машинасын тегін берді. Сондықтан «Жігер-2» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қауымдастығы нөсерлі кәрізді тазалау машинасына ешқандай ақша жұмсамады. Жұмыстың құны 90 000 теңге болды. Бұл қаражат ешкімнің жеке пайдасы үшін емес, «Жігер-2» қоғамдық орталығының барлық мүшесінің қажеттілігіне жұмсалды.

Сол секілді жинақ шотын ашуға қатысты талапкерлер дәлелі де шындыққа жанаспайды. Шынында да, «Жігер-2» қоғамдық бірлестігінің қазіргі уақытта үш шоты, яғни екі ағымдағы және бір жинақ шоты бар. Екі ағымдағы шотты «Жігер-2» қоғамдық бірлестігінің бұрынғы төрағасы Д.Әшірбаев ашқан. Ал, жинақ шоты оның өзі қызмет еткен кезде міндетін тиісінше орындамағандықтан ашылмады. Қоғамдық бірлестіктің төрағасы сайланған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде екінші деңгейлі банкте екі шот, яғни ағымдағы шот (пәтер мүлкін ағымдағы басқару және күтіп ұстау үшін қаражат салуға) және жинақ шотын (ортақ мүлікті күрделі жөндеуге қаражат жинау үшін) ашуға міндетті. Оны орындамау айыппұл салуға әкеп соғады. Бұл шараға алғашқы ескерту кіреді. Егер бұзушылықтар бір жыл ішінде жойылмаса, жеке тұлғаларға (ПТ уәкілетті өкіліне) 10 АЕК, ал заңды тұлғаларға (төрағаға) 20 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Алайда, талапкер Д. Әшірбаев Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қауымдастығының төрағасы қызметін атқарған кезде жинақ шотын ашпаған және заңды талаптарды орындамаған. Бұл бұзушылықты Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қауымдастығының қазіргі төрағасы ретінде мен түзеттім. Сөйтіп талапкерлерге сенімді түрде белгілі жинақ шоты ашылды. Жинақ шотының бар екенін растайтын құжат бар. Тұрғындардың жинақ жарналары осы шотқа салынады. Банктің шарттарына сәйкес, қаражат тек меншік иелері жиналысының шешімімен жұмсалуы мүмкін. Жинақ шотына салынған қаражатқа пайыз есептеліп, бірлестікке пайда әкеледі.

Осы орайда шағымданушылар дәлелі бір-біріне қарама-қайшы келетініне назар аударткымыз келеді. Бір жағынан, талапкерлер жинақ шотының жоқтығына шағымданады, ал екінші жағынан, олар жинақ шотынан 9 007 012 теңге көлеміндегі күрделі жөндеуге қаражат жұмсауға қатысты бірлестік төрағасының және кеңес мүшелерінің әрекетіне шағымданады.

Сонымен қатар олар мүлік иелері бірлестігі мен Smart Buildings LLC арасында жасалған жалпы сомасы 1 311 000 теңге дәнекерлеу және монтаждау жұмысына арналған 2024 жылғы 10 қыркүйектегі №1 келісімшарт күрделі жөндеу жұмысының сметасымен сәйкес келмейді деп мәлімдейді. Бұл орайда сметада жөндеу жұмысында пайдаланылған материалдар мен жабдықтардың құны көрсетілгенін ескермей отыр. Олар OSI кеңесінде орындалған жұмыс есептері мен шот-фактураларды қарау мүмкіндігіне ие. Олардың бұл құқығын ешкім шектеген жоқ.

Кондоминиумды басқару және ортақ мүлікті күтіп ұстау бойынша шешімдер қабылдау ережелерінің 12-бабы 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, жиналыс пәтер және тұрғын емес мүлік иелерінің жалпы санының көпшілігінің келісімімен кондоминиумның ортақ мүлкін күрделі жөндеу (жаңғырту, қайта құру, қалпына келтіру) туралы және кондоминиумның ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жылдық құнын бекіту туралы шешім қабылдайды. Шағым жасаушылардың ешқайсысы күрделі жөндеу мәселесі бойынша жалпы жиналыс өткізілгенін, шешім қабылданғанын және сметаның бекітілгенін жоққа шығармайды. Жалпы жиналыс жазбаша сауалнама арқылы өткізілді. Оны дәлелдейтін 2024 жылғы 28 тамыздағы №6 хаттама бар, оған ешкім дау айтпаған, демек шешім заңды.

Үй кеңесінің мүшелерін, аудит комитетін және АОИ төрағасының жылыту қондырғылары мен жылу және сумен жабдықтау жүйелері үшін жалпы сомасы 9 007 012 теңгеге ақау туралы актіні сұрау, мердігерлік жұмысқа арналған келісімшарт және жалпы сомасы 9 007 012 теңгеге орындалған жұмыс туралы актіні талап ету негізсіз екенін сот айқындады. Заң бұл мәселені шешу үшін комиссия құру міндетін белгілемейді.

Жігер-2 тұрғын үй кешеніндегі жылу тарату жүйесі көлденеңінен орналасқан. Қазақстан тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту орталығының ресми веб-сайтындағы коммуналдық жүйелерді күтіп ұстау бойынша жауапкершілік шекараларының түсіндірме диаграммасына сәйкес, шекара коммуналдық желінің ортақ ғимараттан жеке коммуналдық желіге ауысуындағы өшіру клапанында жүргізіледі. Біріншіден, бұл мәселеде өшіргіш клапанға сілтеме жасау өте маңызды. Яғни, егер кіреберісте, құбырдың өшіргіш клапанға дейінгі бөлігінде ағып кету орын алса, бірлестік жауапты. Егер мұндай жағдай құбырдың өшіргіш клапаннан кейінгі және пәтерге апаратын бөлігінде туындаса – бұл тұрғынның жауапкершілігінде, яғни шығынды үй-жайдың иесі көтереді. Екіншіден, бірлестікте ешкім жылу станцияларындағы монтаж жұмысы үшін иелерінен ақы талап еткен емес және талап етіп жатқан жоқ. Оларға жөндеу шығынын кім көтеруі керектігі туралы түсініктеме берілді.

Белгілі болғанындай, талапкерлер жөндеу жұмыстарына ақы төлеу туралы ешқандай дәлелдерін ұсынбады. Қосқыштар мен басқа да жабдықтарды ауыстыруды заңсыз деп жариялау логикаға сыймайды, себебі мұнсыз меншік иелері жылусыз қалады. Сондықтан талапкерлердің талаптары заң нормаларына сәйкес келмейді, дәлелсіз, өзара қайшы, мүлік иелері бірлестігінің қызметіне негізсіз кедергі келтіреді деп санаймыз.

***Жақсыбай ҒАППАСОВ***
**Астана қаласындағы Жігер-2 мүлік иелері бірлестігінің төрағасы**

ЖОЛДАУ – ЖОЛБАСШЫМЫЗ

# ЦИФРЛЫҚ ТРАНФОРМАЦИЯ ДӘУІРІНДЕГІ СОТ

**Заман бір орында тұрмайды. Дамиды, жаңарады, жаңғырады. Сот саласы да солай. Мемлекет атынан үкім шығаратын соттың заман көшінен қалмауының, түрлі реформалардың бастамашысы болуының мәні осында.**



**Тимур РАИСОВ, Алматы қаласы әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жолдауында жасанды интеллект, цифрлық трансформация әлем дамуының қозғаушы күшіне айналғанын атап өтіп, барлық саланы цифрландыру қажеттігін алға тартты. Расында жасанды интеллект араласпаған сала аз. Дамыған елдерде кез келген саланың цифрлық жаңашылдықтарды жан-жақты қолданып, үлкен өзгеріс жасап жатқанын көріп, біліп отырмыз. Қазақстан да мұндай оң өзгерістерден шет қалмауы керек. Мұндай талпыныстың оң нәтижелерін қазірдің өзінде аңғармау мүмкін емес.

«Төрелік», «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі сияқты электрондық қосымшалар – цифрлық трансформацияның ілгерілуіне негіз қалаған алғашқы қанатқақты жобалар еді. Кейіннен барлық сот залдарын бейне-жазу құрылғыларымен қамтамасыз етудің, сол арқылы бейнеконференц байланысты жолға қоюдың сәті түсті. Бұл бастамалар өз кезегінде сот істеріне қашықтан қатысу, куәгерлерден жауап алу мүмкіндігін туғызды. Қазір сот істері толығымен электронды форматта қалыптастырылған. Мұндай өзгеріс процестерді жылдамдатуға ғана емес, сонымен қатар оларды ашық және қолжетімді етуге көмектесті. Сот құрылымы қағазбастылықтан арылып, жұмысын бір арнаға түсірді. Осындай тиімді инфрақұрылымды жолға қоюды арқасында сот құрылымында онлайн формат үлкен сұраныста ие.

Істердің дыбыс-бейне жазу құрылғыларына жазылып, бір орталықта сақталуы судьялар жұмысына, сот тәжірибесіне мониторинг жасауға негіз қалады. Соның арқасында жасанды интеллект элементтерін пайдалана отырып, судьялар үшін «цифрлық көмекшілерді» енгізуге мүмкіндік туды. Осылайша сот актілерінің мәтіндеріндегі кілт сөздер арқылы «Цифрлық сот аналитикасы жүйесі» өндірістік пайдалануға берілді.

Бұл жаңашылдық сот шешімдерінің мәнін түсінуге, оларды бір-бірімен салыстыруға, айырмашылықтар мен кемшіліктерді анықтауға және істердің нәтижесін болжауға көмектесетіні ақиқат. Соның арқасында судьялардың жұмысы жеңілдеп, сот қателіктеріне жол берілмейді. Мұндай бастаманың бірыңғай сот практикасын қамтамасыз етуде де ықпалы зор. Себебі сот аналитикасына назар аударған судья ортақ базадағы ұқсас істер бойынша шығарылған шешімдермен, олардың апелляциялық және кассациялық қарау нәтижелерімен танысып, уақытын үнемдей алады, әрі істі сапалы, заңды, әділ қарауға қолжеткізеді.

Жасанды интеллект элементтерін пайдалана отырып, сот шешімдерінің жобаларын қалыптастыру бойынша да іргелі ізденістер жүргізіліп жатыр. Әрине, мұндай жаңашылдықтар судьяның орнын алмастыра алмайды. Дегенмен, сот жұмысын айтарлықтай жеңілдетері күмәнсіз.

КӨКЕЙКЕСТІ

**Алкоголь өнімдерін тұтынудың залалы аз емес. Қоғамда орын алатын қылмыстың басым бөлігіне арақтың тікелей әсері бар. Жол-көлік апаттарына да жүргізушілердің көлікті алкогольді масаң күйде басқаруы түрткі болып жатады.**

# МАС АДАМ МАҢАЙЫНЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН БҰЗАДЫ

Араққа тәуелділіктің салдарынан қаншама шаңырақ шайқалып, қаншама бала әке-шеше мейірімін көрмей, толық емес отбасында тәрбиеленуде. Одан бөлек қоғамдық орындарда бірігіп арақ ішу, сыра ішудің соңы да айналадағы жүргіншілерге тиісіп, тұрғындардың тыныштығын бұзатынын жиі байқап жүрміз. Міне, сондықтан да азаматтарды теріс әрекеттерден сақтандыру үшін мемлекет тарапынан түрлі іс-шаралар қолға алынып, заңнамаларға өзгерістер енгізілуде.

Мәселен қазір күндізгі 12.00-ге дейін алкоголь өнімдерін сатуға тыйым салынған. Сондай-ақ азаматтарға түнгі 21.00-ден кейін де алкоголь өнімдері сатылмайды. Кәмелетке толмағандарға арақшарап сатқандарға да жауаптылық жоғары. Ал биыл Қазақстанда қоғамдық және жол қауіпсіздігі мәселелері бойынша заңнамалық актілерге бірқатар маңызды өзгеріс енгізілді. Мұндай түзетулердің мақсаты – заманауи қауіп-қатерлер мен сын-тегеуріндерді ескере отырып, қазақстандық заңнаманы барынша жетілдіру әрі қоғамдық қауіпсіздікті сақтап, сол арқылы азаматтар құқығының бұзылмауына алғышарт жасау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 440-бабы 3-бөлігіндегі өзгеріс – осы маңызды жаңашылдықтың бірі.

Кодекстің 440-бабы алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келгендерге әкімшілік жауаптылықты белгілейді. Осы баптың 1-бөлігіне сай қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға адамның қадір-қасиетін қорлайтын масаң күйде келу 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға алып келетіні дәйектелген. Ал екінші бөлігінде он сегіз жасқа толмаған адамдардың арақ ішіп, қоғамдық орындарға масаң күйде келгені жауаптылықты белгілейді. Бұл әрекет үшін жасөспірімнің ата-анасына не оларды алмастыратын адамдарға 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салу көзделген.

Біз айтып отырған ӘҚБтК-нің 440-бабы 3-бөлігіне сай осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған әрекеттер үшін 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салу немесе жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қарастырылып отыр.

Қоғамдық орындарда мас жүрудің соңы төбелес, тәртіпсіздік сияқты құқық бұзушылықтарға ұласуы мүмкін. Әрі мас адам паркте, гүлзарда, көше мен аулада жүрген үлкендер мен балалардың тыныштығын бұзып, қорқыныш тудыратыны да рас. Сондықтан, кодекстегі өзгеріс орынды деп ойлаймыз.

**Б.АЙТБАЕВ,**
**Самар аудандық сотының судьясы**
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



ПАЙЫМ

# ҚАЗЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАР ТАЛАП КЕМІМЕЙДІ

**Судья болу – заңгерлік мамандықтың шыңы. Алайда барлық кәсіби заңгердің судья болуы екіталай. Өйткені судьялықтан үміткерлерге қойылатын талап та қатаң, одан бөлек судьялық қызметті абыроймен алып жүру де үлкен еңбекті, шыдамдылықты, ізденісті қажет етеді.**

Судья – кез келген мемлекеттегі мәртебесі биік мамандық. Ал осы таңдаулы кәсіпті лайықты алып жүру үшін судьяларға көп еңбектенуге тура келеді. Ең алдымен судья өз ісінің жауаптылығын жан-тәнімен сезінуі керек. Өзіне артылған сенімнің салмағын, істі қарап, тура төрелік айтудың қиындығын мейлінше терең түсінген судья қателік жібермейді. Судьяның ішкі толқынысын білдірмеуі, эмоцияға берілмеуі де сот процесінде айтарлықтай рөл ойнайды. Себебі, төрелік алаңындағы әрбір шешім тек заң мен арды басшылыққа ала отырып шығарылады. Мұндайда көңіл-күйдің ырғағында кету ақиқаттан алыстатуы әбден мүмкін.

Судьяның ізденісі, білімін жетілдіріп отыруы да маңызды талаптың бірі. Ол үшін Сот төрелігі академиясында арнайы біліктілікті арттыру сабақтары ұйымдастырылып, белгілі бір тақырыптар бойынша семинар-тренингтер ұдайы өткізіліп тұрады. Бұл әріптестер арасында ашық диалог орнатып, тәжірибені шыңдауға, шеберлікті арттыруға көмектеседі.

Ардагер судьялармен кездесулердің де жас судьялар үшін маңызы зор. Мұндай шаралар барысында өмірден көргені, көңілге түйгені көп ардагер судьялар бай тәжірибесімен бөлісіп, тағылымды істерін үйретеді. Сондай-ақ Жоғарғы Соттың қолдауымен судьялар шетелдің озық соттарына жіберіліп, біліктілігін көтеруге мүмкіндік алып жүргені де жақсы үрдіс.

**Дияс ҒАЛЫМОВ,**
**Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы**

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

59. Астана қаласы МАЭС-інің 11.12.2025 жылғы анықтамасымен «Iserv» ЖШС-ге оңалту рәсімін қолдану бойынша өндірістік іс қозғалды (БСН 141140025732). Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 8-үй, В кеңсесі, тел. +7 707 350 6307.

60. «Құмкөл Барлау Сервис» ЖШС (БСН 160540005033) «ОрдаСтройСервис» ЖШС-мен (БСН 100440000242) бірігу арқылы қайта құрылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, индекс: 120005, Қызылорда қаласы, Алтыбай Сағымбаев көшесі, № 72 үй, тел. +77773321100 (директор), +77753981976 (бухгалтер); электрондық пошта: too.kbs2019@gmail.com.

61. «Шығысэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушыларын Серіктестіктің Атқарушы органының шешіміне сәйкес 2026 жылы 30 қаңтарда сағ.11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Қатысушыларды тіркеу 2026 жылдың 30 қаңтарында аталған мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады. Жиналысқа қатысуға құқықтары бар қатысушылардың тізімі 2026 жылы 29 қаңтардағы жағдай бойынша жасалады.
**Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген:**
1. «Шығысэнерго» ЖШС Бақылау кеңесін сайлау туралы.
Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2026 жылы 16 ақпан.
Серіктестік қатысушылары Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі ақпаратпен (материалдармен) «Шығысэнерго» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

**47. Қандаладан сақтану жолдары**

Қандала (Cimex lectularius) – адам қанымен қоректенетін эктопаразит. Ол тұрғын үйлерде, жатақханаларда, қонақ үйлерде және қоғамдық орындарда санитарлық-гигиеналық талаптар сақталмаған жағдайда кеңінен таралады. Қандаладан сақтану мақсатында төмендегі санитарлық ережелерді сақтау міндетті.
**1. Жалпы санитарлық талаптар**
1.1. Үй-жайларда тазалық тұрақты түрде сақталуы тиіс.
1.2. Ылғалды тазалау аптасына кемінде 1-2 рет жүргізілуі қажет.
1.3. Төсек-орын жабдықтары уақытылы ауыстырылып, жоғары температурада жуылып, үтіктелуі тиіс.
**2. Үй-жайлар мен жиһазға қойылатын талаптар**
2.1. Төсек, матрас, диван және жұмсақ жиһаздар жүйелі түрде тексерілуі қажет.
2.2. Жиһаздардағы жарықшақтар, саңылаулар және тігіс орындары бітелуі тиіс.
2.3. Қолданылған жиһазды алдын ала тексерусіз пайдалануға тыйым салынады.
**3. Сапардан және сырттан әкелінетін заттарға қойылатын талаптар**
3.1. Қонақ үйлерден, жатақханалардан келгеннен кейін киім-кешек міндетті түрде жуылуы тиіс.
3.2. Сөмкелер мен чемодандар тұрғын бөлмеге кіргізер алдында тексерілуі қажет.
**4. Дезинсекциялық іс-шаралар**
4.1. Қандала анықталған жағдайда дезинсекциялық өңдеу дереу жүргізілуі тиіс.
4.2. Дезинсекция арнайы рұқсат етілген құралдармен және нұсқаулыққа сәйкес орындалуы қажет.
4.3. Өңдеу кезінде бөлмеде адамдар мен жануарлардың болуына жол берілмейді.
4.4. Қажет болған жағдайда дезинсекция 10-14 күннен кейін қайталанады.
**5. Қауіпсіздік талаптары**
5.1. Дезинсекция кезінде жеке қорғаныс құралдары қолданылуы тиіс.
5.2. Өңдеуден кейін үй-жай толық желдетіліп, санитарлық тазалау жүргізіледі.
**6. Ұжымдық жауапкершілік**
6.1. Көпқабатты тұрғын үйлерде қандаламен күрес барлық пәтерлерде бір мезгілде жүргізілуі тиіс.
6.2. Санитарлық талаптарды сақтамау қандаланың қайта пайда болуына әкелетінін ескеру қажет.
Осы санитарлық-алдын алу шараларын сақтау қандаланың таралуын болдырмауға және тұрғындардың денсаулығын қорғауға бағытталған.

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»
ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы»
филиалының эпидемиолог көмекшісі
Г.П.Асилханова.

43. «ASTRA» Микроқаржы ұйымы» ЖШС (БСН 051140005104) (Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 180, 605-кеңсе), Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігіне, ҚР Ұлттық Банкіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өз еркімен жүгінеді. Лицензия нөмірі: 02.21.0041М. Лицензияның берілген күні: 19.03.2021 ж.

44. Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 18.12.2025 ж. ұйғарымымен «Mega Technology Company» ЖШС-іне оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. 02.12.25 ж. уақытша әкімшімен келісім жасақталды. Талап-арыздар Ақтау қаласы, 19 шағын ауданы, 2-үй, тұрғын емес жәй №4 («Тыныштық» тұрғын үй кешені). Тел. 8 (7292) 301103, 8 702 971 31 61 мекенжайы бойынша бір ай мерзім ішінде қабылданады электрондық пошта: abilorda@mail.ru.

МҰРАГЕРЛІК

40. 18.12.2022 жылы қайтыс болған Жанаева Бахыттың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулерiңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т. Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

52. 7 шілде 2025 жылы қайтыс болған Нурманов Сабырхан Ташкенбаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т. Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

# ТАРАТУ

2. «Центр Технических Масел-Алматы» ЖШС (БСН 040140005107) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Павлодар көшесі, 1-үй, тел. 8 778 100 29 66.

3. «MAULEN-KZ» ЖШС (БСН 111240004163) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Павлодар көшесі, 1-үй, тел. 8 778 100 29 66.

4. «АбсолютКлинингСервис» ЖШС (БСН 201040018066) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Глубоковский ауданы, Глубокое кенті, Берестова көшесі, 50-үй, тел. 8 778 100 29 66.

5. «АкваПром» ЖШС (БСН 201040036996) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Глубоковский ауданы, Глубокое кенті, Берестова көшесі, 50-үй, тел. 8 778 100 29 66.

6. «СКС ПРОМ» ЖШС (БСН 201040029031) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Глубоковский ауданы, Глубокое кенті, Берестова көшесі, 50-үй, тел. 8 778 100 29 66.

7. «МонтажСтройЛидер» ЖШС (БСН 201040034850) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Глубоковский ауданы, Глубокое кенті, Берестова көшесі, 50-үй, тел. 8 778 100 2966.

